

## **Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Шыңғырлау ауылындағы жаңа көшеге атау беру туралы**

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 109 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 қарашада № 5409 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Шыңғырлау ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Шыңғырлау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Шыңғырлау ауылындағы жаңа көшеге – "Астана" көшесі атауы берілсін.

2. Шыңғырлау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Ж.М.Тулесов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық-ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шыңғырлау ауылдық округінің әкімі*

*Ғ.Ғ.Жұмағазиев*